

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТІРЛІГІ
ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК ФАРМАЦЕВТИКА АКАДЕМИЯСЫ

Морфологиялық пәндер кафедрасы

ПРЕЗЕНТАЦИЯ

Тақырыбы: Қалқанша без, қалқанша маңы безі және бүйрекүсті безінің функциясы бұзылған кезде туындайтын аурулар.

Орындаған: Құрманбек Ж.

Тобы: 101 «Б» ҚДС

Қабылдаған: Турекулова А.К.


ЖОСПАР:

- Кіріспе
- Негізгі бөлім
 1. Қалқанша бездің құрылысы мен қызметі
 2. Қалқанша безінің функциясы бұзылғанда туындайтын аурулар
 3. Қалқанша жанындағы бездердің құрылысы мен қызметі
 4. Паратгормонның аз немесе шамадан тыс көбеюі
 5. Бүйрекүсті безінің құрылысы мен қызметі
 6. Аурулары
- Қорытынды



КІРІСПЕ

- Денедегі барлық құрылымдар арасында үздіксіз, уақыт және кеңістік тәртібімен түрлі жолдар мен тетіктер арқылы үнемі кең көлемде мәлімет алмасу жүріп отырады. Бұл мәліметтер гуморалдық жолмен жүреді. Қызметтердің гуморалды реттелуінде маңызды рольді ішкі сөлініс бездері, яғни *эндокриндік бездер* атқарады. Олар организмнің ішкі ортасына арнаулы биологиялық белсенді заттарды бөліп шығарады. Ішкі сөлініс бездері жасап шығаратын заттар *гормон* деп аталады.
- Эндокриндік бездердің сөлін шығаратын өзегі жоқ, без жасушалары қан мен лимфа капиллярларымен өте жиі торланған, сондықтан без өнімдері тікелей осы тамырларға өтеді.
- Ішкі сөлініс бездеріне гипофиз, эпифиз, қалқанша, қалқаншасерік бездері, айырша без, бүйрекүсті, ұйқы және жыныс бездері жатады.



ҚАЛҚАНША БЕЗДІҢ ҚҰРЫЛЫСЫ МЕН ҚЫЗМЕТІ

- Мойын аймағында кеңірдектің алдында орналасқан қалқанша без(*glandula thyroidea*) – біршама ірі без. Екі бүйір үлестері, *lobi dexter et sinister*, төменгі шеттерінде жақын жерде бүйір үлестерін өзара қосатын қылтадан, *isthmus* тұрады. Бүйір үлестері жоғарғы бөлімімен қалқанша шеміршектің сыртқы бетіне еніп, оның төменгі мүйізі мен жақын жатқан бөлігін жабады, төменгі жағында бүйір үлестері кеңірдектің 5-6 сақинасына дейін жетеді.
- Ересектердің қалқанша безінің салмағы 20-30 гр. Балаларда 1,5-2 гр. Қартайған шақта оның салмағы кішірейеді. Без көлденеңінде 50-60мм, қылта деңгейінде 6-8мм.



Щитовидная железа,
glandula thyroidea; вид спереди.


□ *Қызметі:*

1) тироксин гормоны барлық зат алмасуға (нәруыз бен май) қатысады;

2) ағзаның өсуі мен дамуына әсер етеді;

3) жүйке жүйесі мен жүрек жұмысының қозуын арттырады.

4) без өндіретін *трикольцитонин* кальций мөлшерін реттейді



АУРУЛАРЫ

- ▣ **Микседема** (грек. туха – шырышты сұйық және oedema – ісік) – қалқанша без қызметінің әлсіреуінен немесе мүлдем жойылуынан пайда болатын сырқат. Микседеманың туа бітетін (жиі) және жүре пайда болатын түрлері болады. Туа бітетін Микседема ұрықтың жатыр ішінде даму барысында әр түрлі инфекцияға (мысысалы, мерез ауруы) шалдығуынан немесе ұрықтың дұрыс дамымауы салдарынан қалқанша бездің дұрыс жетілмеуінен болады. Ал жүре пайда болатын Микседема қалқанша бездің жедел және созылмалы қабынуларынан, жарақатынан, немесе әр түрлі себептермен қалқанша безді хирургиялық жолмен алып тастағаннан кейін оның функционалдық жетіспеушілігінен дамиды.
- ▣ *Аурудың белгілері.* Микседеманың негізгі белгісі, ол тері астына шырышты сұйықтықтың жиналуынан туатын ісіну (аурудың аты осы белгіге негізделген). Ісік көбінесе тері астын, тіл, бет, мойын, кеуде тұсын қамтиды. Микседемамен ауырған адамның шашы түседі, қан қысымы төмендейді, жүрек соғуы (пульс) сирейді. Микседемаға шалдыққан ауру адамдар бірте-бірте ақыл - есінен айырылып, олардың жыныстық рефлекстері де төмен дәрежеде болады.
- ▣ *Емдеу.* Микседеманы емдеу үшін ауру адам қалқанша без шығаратын гормондарды (тиреоидин, диодтирозин, т.б.) тұрақты түрде қолдануы керек. Бұл шара ауруды толық емдегеннен, кейбір белгілерінің жойылуына әсер етеді де, ауру адамның жалпы жағдайын біршама жақсартады.





- Аста йодтың жетіспеушілігінен пайда болатын жемсау, яғни **зоб ауруы** – қалқанша безінің зораюынан туындайтын тамақтағы ісік немесе түйін. Зоб ауруы қалқанша безінің ұлғаюынан пайда болады. Қалқанша безінің ұлғаюы мойының жуандауына әкеледі. Зоб ауруына шалдыққан кезде, қалқанша безінің қызметі бұзылып, гормондары не аз, не көп мөлшерде бөлінеді. Зоб ауруының пайда болуына тұқымқуалаушылық, түрлі инфекциялар, дұрыс тамақтанбау, уақытылы дұрыс ұйықтамау, ағзаның әлсіреуі, депрессия, психикалық жарақаттар, ағзаның әлсіреуі, шаршау, депрессия, орталық жүйке жүйелерінің, жыныс бездерінің дұрыс қызмет істемеуінен болады.
- *Аурудың белгілері.* Зобқа ұшыраған адамның есте сақтау қабілеті күрт төмендеп, әлсіз, әлжуаз күйге түсіп, шашы уыстап түсіп, терлегіш және тырнағы сынғыш келеді. Ең басты белгісі шектен тыс ашушандық. Қол-басы қалтырап, көзі шарасынан шығып кете жаздайды.
- Зобты болдырмаудың бірден-бір жолы – құрамында йодталған тұзды тағамдарды жиі қолдану болып табылады.
- Зоб аяғы ауыр аналарда қауіпті жағдай туғызуы мүмкін. Себебі ауру асқынған кезде шақалақ өліп кетуі мүмкін. Жаңа туған нәрестеде қалқанша безінің дамымай қалуы, туа біткен гипотиреоздық қалыптасуы ықтимал. Қауіптісі нәресте ақыл есі кемтар(кретинизм) болып туылуы мүмкін.





Зоб



Қалыпты қалқанша





Қалыпты



Зоб

Қалқанша безінің ісінуі

▣ **Кретинизм** — Меңіреулік. Бала кемақыл, көбінде саңырау болып туатын жағдай. Бұл әдетте, анасының ішкен асында йодтың жетіспеуінен болады. Балаларда қалқанша бездің қызметі жеткіліксіз болғанда, ойлау процесі баяулайды, дене бітімі мен үлкен ми сыңарлары қыртысының қызметі бұзылады, өсу және жыныстық жетілу тоқтайды. Мұндай ауру кретинизм деп аталады. Егер дер кезінде емдесе, ауру салдарынан арылуға болады.



- **Базедов ауруы.** Қалқан безінің қызметі қатты бұзылғанда жемсаудың жалпы организмді уландыратын тиреотоксикоз түрі, яғни Базедов ауруы басталады. Мұндай кезде алқым безінің гормоны қанға көп өтіп, нерв жүйесін күйретеді. Бұл ауру кейде күтпеген жерден, көбінесе қайғы-қасіреттен кейін басталады. Ондай адам ашушаң, өкпелегіш келеді, қит етсе жылайды, ұйқысы қашады, жүрегі шаншып ауырады. Мұндай кезде адамның тамыры сау кезінде минутына 72 рет соқса, енді 100—120, тіпті 150-ге дейін соғады. Қол-аяқтары дәрменсізденеді, басқышпен жоғары көтерілгенде, немесе машинаға мінгенде бұлшық еттері талып, тез шаршайды.
- *Аурудың белгілері.* Ауру адам сөзшен болады және үнемі асығып жүреді, қолы қалтырап жаза алмайды, тіпті түймелерін ағытып, түймелеудің өзі де қиын болады. Ауру адам ыстықты көтере алмайды, тершен болады, дене қызуы көбінесе кешқұрым 37,1—37,3 градусқа дейін көтеріледі, кейде қан қысымы көтеріледі. Ауру асқынғанда екі көзі ұясынаң шығып бадырайып тұрады, кірпігі сирек қағылады, : көр жанары өзгеріп, әйнектей жалтырап тұрады.
- Алдын алу шаралары. Соңғы 15 жыл ішінде тиреотонірізге қарсы жана препарат қолданыла бастады. Оны метилтиоурацил дейміз. Бұл дәрі белгілі бір мөлшерде алқым безінің гормон өндіруін басады, оны қалпына тусіруге көмектеседі.





gravesdiseasepictures.com



Энциклопедия
Словари
www.enc-dic.com



ҚАЛҚАНША ЖАНЫНДАҒЫ БЕЗДЕР

- Қалқанша жанындағы бездер (*glandula parathyroidea*) аса үлкен емес эпителилі құрылым, саны 4, салмағы 20-50мг. Олардың орташа шамалары: ұзындығы 6мм, ені 4мм, қалыңдығы 2мм. Бездер өте жақсы тамырланған. Қалқанша жанындағы бездер бөлетін гормон *паратгормон* деп аталады.
- Қызметі. Ол организмнің тірегі – қаңқаның жасалуына және қорғаныс қызметін атқару үшін қажет. Организмде кальций мен фосфор алмасуын реттейді. Ол қозу мен жиырылу үрдістерін байланыстырады, көптеген ферменттердің белсенділігін реттеуде маңызды орын алады.




- Паратгормон жетіспесе немесе алып тастаса, қандағы кальцийдің деңгейі азайып, фосфор мөлшері артады. Орталық жүйке жүйесінің қозғыштығы артады да бұлшықеттер сіресіп қалады.
- Паратгормон шамадан артық бөлінсе, сүйекте кальций азаяды. Сүйектер қисайып, сыңғыш келеді. Қантамырларда, бауыр мен бүйректе, мида кальций көп жиналады.
- Бездерді алып тастаған жағдайда, сіресіп тартылу әсерінен адам өліп кетуі мүмкін.



БҮЙРЕКҮСТІ БЕЗІНІҢ ҚҰРЫЛЫСЫ МЕН ҚЫЗМЕТІ

Бүйрекүсті безі (*glandula suprarenalis*) бүйректердің жоғарғы жағында орналасатын жұп ағза. Оның массасы 4 г — ға жуық. Сыртқы түсі сарғылт немесе қоңырлау. Әрқайсысы қыртысты және милы қабаттан тұрады.

Қызметі. Милы заты қанға симпатикалық жүйенің тонусын сақта, тамырды тартылту қасиеті бар норадреналин мен адреналин бөледі. Қыртысты заты су, тұз, белок және көмірсу алмасуына әсер ететін гормондар — стреоидтар бөліп шығарады.



АУРУЛАРЫ



- ▣ Аддисон дерті (*morbus Addisoni*; басқаша — қола ауруы — бүйрек үсті безінің 9/10 бөлігі істен шығуы). Ол туберкулез ауруы (50-85%), аутоиммундық атрофия және басқа паталогиялық процестерден пайда болатын аурулар (амилоидоз, гистоплазмоз, рак метастаздары т.б.) әсерінен өршиді. Аддисон дертімен көбіне 20-40 жас аралығындағы адамдар ауырады.
- ▣ *Аурудың белгілері.* Ауру өте баяу басталып, теріде, терінің шырышты қабатында қола түстес дақтар пайда болады. Қан қысымы күрт төмендейді, электролиттер алмасуы бұзылады.
- ▣ *Алдын алу шаралары.* Аддисон дертін қоздырушы кеселдерді емдеу, ауруға қарсы гидрокортизон, кортизон, преднизолон дәрілерін беру т.б.



КУШИНГ СИНДРОМЫ

- Кортизолөндіруші бүйрек үсті безі ісіктерінің ықпалынан дамидын Кушинг синдромы-ның этиологиясы әлі күнге дейін белгісіз (кортикостерома, қатерлі кортикостерома).КС кезінде мүшелер мен ағзаларда дамидын түрлі өзгерістердің патогенезі негізінде алдымен кортизолдың артық өндірілуі жатыр. Кортизол физиологиялық емес концентрацияда ақуыздық құрылымдарға, тіндер матрицаларына (сүйек, бұлшықет, миокард, тері, ішкі ағзалар) катаболикалық әсер көрсетеді, нәтижесінде оларда біртіндеп айқын дистрофиялық және атрофиялық өзгерістер дами бастайды.
- Аурудың белгілері. Науқастардың 90%-ында семіздік дамиды. Май жасушалары диспластикалы жиналады (кушингоидты семіру түрі): іште, мойында, бетте (қошқыл-қызыл түсті, кейде цианозды («матронизм») ай тәріздес бет-әлпеті) және желкеде жиналуы («климакстік төмпек»). Білектің сыртқы бетінде май тіндері мен тері айқын жұқарады, ал семіздіктің басқа түрлерінде бұндай өзгеріс дамымайды. Тіпті ауыр науқастарда семіздік болмаса да, тері асты шел май қабатының біркелкі таралмағаны көрінеді. Терісі жұқа, айқын қантамырлар суреті мрамор тәріздес түр береді, құрғақ, кей жерінде ошақты тершеңдік байқалады, тез қабыршақталады.





(e) Cushing's syndrome (excess glucocorticoids)

18.22e

ҚОРЫТЫНДЫ

- Эндокриндік бездер бөлетін гормондар ағзаның өсуі, даму, жүйке жүйесі реттеу үшін маңызы зор. Қанда аз мөлшерде болатынына қарамастан, гормондардың физиологиялық әсері өте күшті. Эндокриндік бездер ағзада болып жатқан үдерістердің барлығына қатысады. Сондықтанда адам өмірі үшін бұл бездердің маңызы зор. Адам денесінде бұл гормондардың қалыптылығы бұзылған жағдайда адам өліп кетуіде мүмкін. Сондықтанда гормондардың қалыптылығын сақтау үшін дұрыс тамақтанып, құрамында йод, кальций, фосфор көптеп кездесетін тағамдармен тамақтану қажет.

